

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ Авторы: МАҚҰЛБЕК ДИАНА ШОҚАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен кейін еліміздегі ірі және тарихы оқу орындарының бірі – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. 2025 жыл ордасына 80 жыл толып отыр. Бұл – тек бір университеттің ғана емес, бүкіл елдің білім саласындағы даму жолын көрсететін ерекше белес.

М.Әуезов атындағы университет 1945 жылы құрылып, алғашында Оңтүстік Қазақстан институты ретінде жұмысын бастаған болатын. Оның негізі қалаушылардың бірі – соғыс жылдары Қазақстанда ғылым мен білімді дамытуға зор үлес қосқан академиктер мен ғалымдар. Осы жылдары тек техникалық бағыттағы мамандар даярланса, кейіннен оқу орны көпбейімге айналды.

80 жыл ішінде университет еліміздің оңтүстік өңірінің ғана емес, бүкіл Қазақстанның аграрлық секторы үшін мыңдаған жоғары білікті маман даярлады. Университет түлеп ұшқан түлектер бүгінде республика көлемінде түрлі салада жетекші қызметтер атқарады. Олардың ішінде министрлер, әкімдер, ғалымдар, инженерлер, кәсіпкерлер мен мұғалімдер бар.

Әуезов университетінің басты ерекшелігі – оның ғылым мен өндіріс арасындағы тығыз байланысы. Мұнда студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық дағдыларды меңгереді. Университет жанында ғылыми-зерттеу орталықтары, тәжірибелік зертханалар, өндірістік істейді. Бұл – оқу орнын қазіргі заман талабына сай инновациялық университет деңгейіне жеткізген факторлардың бірі.

Бүгінгі таңда университетте 1500-ден астам профессор-оқытушылар құрамы еңбек етеді, 200-ден астам ғылым докторлары мен 600-ге жуық ғылым кандидаттары мен PhD докторлары студенттерге сапалы білім берумен қатар, ғылыми жобалар жүргізіп, халықаралық деңгейде ғылым жарияланымдарымен ғылымды ілгерілетіп келеді.

Университет әлемдік рейтингтерде де жоғары көрсеткіштерге ие. QS және Times Higher Education секілді беделді ұйымдардың бағалауы бойынша М.Әуезов университеті Қазақстанның оқу орындарының қатарында. Бұл жетістік – сапалы білім беру жүйесінің, халықаралық ынтықсау заманауи инфрақұрылым мен білікті кадрлардың нәтижесі.

Білім ордасының 80 жылдық мерейтойы – тек тарихқа шолу жасап, өткенге тағзым ету емес, бұл болашаққа бағытталған жаңа стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді айқындау. Университет ұжымы қазіргі таңда жаңа оқу бағдарламаларын енгізу, цифрлық трансформация халықаралық әріптестік аясын кеңейту және жас ғалымдарды қолдау бағытында ауқымды жүргізуде.

Мерейтой аясында бірнеше маңызды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Олардың қатары ғылыми-тәжірибелік конференциялар, түлектер форумы, арнайы көрмелер мен студенттік бар. Бұл шаралар университеттің тек білім ордасы ғана емес, мәдениет пен қоғамдық көшбасшысы екенін де дәлелдейді.

Сонымен қатар, университеттің атаулы мерейтойы аясында жаңа оқу корпусының ашылуы, оқу-ғылыми кешендердің жаңартылуы, «Жас ғалымдар» орталығының жұмыс инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Бұл – Әуезов университетінің болашаққа келе жатқанын көрсетеді.

М.Әуезов университеті – тек білім мен ғылымның ордасы емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің де тірегі. Университет қабырғасында өткен әрбір жыл – Қазақстанның білім кеңістігіндегі үлкен табыс. 80 жыл – бұл ұрпақтар сабақтастығының, тұрақты дамудың мақсаттардың айғағы.

Бүгінгі мерейтой – барша ұстаздар, студенттер мен түлектер үшін үлкен қуаныш. Әрбір